



«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина
университеті» КеАҚ

Мамандық: 7R01125
**«Травматология-
ортопедия ересектер,
балалар»**



Ақтөбе қ. 2026

Білім беру бағдарламасының мақсаты



Жоғары білікті, бәсекеге қабілетті, денсаулық сақтау жүйесі мен еңбек нарығының талаптарына сай келетін іргелі теориялық білімге, заманауи клиникалық құзыреттер мен практикалық дағдыларға ие травматолог-ортопед дәрігерлерді даярлау. Бағдарлама білім алушыларда тірек-қимыл аппараты аурулары мен жарақаттарын диагностикалау, емдеу, оңалту және алдын алу саласында кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған. Клиникалық ойлауды дамытуға, дәлелді медицина қағидаттары негізінде негізделген шешімдер қабылдауға, инновациялық технологиялар мен заманауи емдеу әдістерін енгізуге ерекше назар аударылады. Бағдарлама аясында ғылыми-зерттеу қызметінің дағдылары, медициналық ақпаратты талдау, мультидисциплинарлық командада жұмыс істеу, сондай-ақ кәсіби этика нормаларын сақтау және пациенттермен, әріптестермен тиімді коммуникация орнату қабілеттері қалыптастырылады. Бағдарлама түлектері сапалы әрі қауіпсіз медициналық көмек көрсетуге, қарқынды дамып келе жатқан медициналық ортаға бейімделуге және үздіксіз кәсіби дамуға ұмтылуға қабілетті болады.

Жалпы ақпарат

Берілетін академиялық дәреже: «Травматология-ортопедия ересектердің, балалардың» мамандығы бойынша дәрігер.

Оқу мерзімі: 3 жыл

Кредиттер көлемі: 210

Оқу тілі: Қазақша, орысша

Әртүрлі облыстарда қашықтан резидентурадан өтуге және

Қазақстанның жетекші медициналық орталықтарында академиялық мобильдікке қатысу мүмкіндігі бар.



Түлектің құзіреттілігі

01

Клиникалық дағдылар

Диагностика және емдеу, профилактика

02

Коммуникативті дағдылар

Сенім, назар, анықтық, эмпатия, серіктестік

03

Кәсібилік

Құзыреттілік, этика, сенімділік, жауапкершілік, ізгі ниеттілік.

04

Нормативтік-құқықтық білім

Заңнама, пациенттердің құқықтары, медициналық көмек көрсету стандарттары, медициналық этика.

05

Зерттеу дағдылары

Аналитикалық ойлау, ақпарат жинау, мәліметтерді түсіндіру, қорытынды жасау, бағалау

06

Жеке және кәсіби даму

Өсу, оқу, өзін-өзі жетілдіру, бейімделу, жетістікке жету.



Білім беру бағдарламасында жоғары білікті және тәжірибелі мамандардың жетекшілігімен резиденттердің кәсіби қалыптасуы мен дамуына қолайлы жағдай жасайтын тәлімгерлік жүйе қарастырылған. Мұндай оқыту форматы клиникалық тәжірибенің сабақтастығын қамтамасыз етіп, практикалық дағдыларды тереңірек меңгеруге ықпал етеді. Тәлімгерлік резиденттерге құнды клиникалық тәжірибе жинақтауға, кәсіби құзыреттерін жетілдіруге, клиникалық ойлауын дамытуға және травматология мен ортопедияның ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Жеке сүйемелдеу дербес шешім қабылдауда сенімділікті қалыптастырып, емдеу қызметінің нәтижелері үшін жауапкершілікті арттырады. Біз әрбір резидентке жан-жақты әдістемелік қолдау, конструктивті кері байланыс және жеке көзқарас қамтамасыз етілетін, кәсіби әрі тұлғалық дамуға ықпал ететін қолдаушы білім беру ортасын құруға ұмтыламыз.

Травматология курсымен нейрохирургия кафедрасы

- Нейрохирургия және травматология курсы бар кафедра 1971 жылы құрылған.
- Кафедраның негізін қалаушы — профессор, медицина ғылымдарының докторы Ю.В. Бирючков.
- Кафедра травматология, ортопедия және алғашқы хирургия кафедрасының базасында қалыптасты.
- Даму жылдары ішінде клиникалық және ғылыми бағыттарды жүйелі түрде кеңейте отырып, бірнеше қалыптасу кезеңдерінен өтті.
- Қазіргі уақытта кафедра Қазақстан Республикасы үшін жоғары білікті мамандар даярлайтын жетекші ғылыми-білім беру орталығы болып табылады.
- 2017 жылдан бастап кафедра заманауи құрамда жұмыс істеп, нейрохирургия және травматология салаларында іргелі және қолданбалы зерттеулерді белсенді түрде дамытып келеді.

Резиденттер: Кафедрада нейрохирургия мамандығы бойынша 20 резидент және травматология мамандығы бойынша 43 резидент білім алууда.

Негізгі клиникалық базалар:– «№1 Қалалық көпсалалы аурухана» ШЖҚ МКК– «Ақтөбе облыстық көпсалалы ауруханасы» ШЖҚ МКК– «Облыстық көпсалалы балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК– «АЖБ» ЖШС

Қосымша базалар: Кафедра сондай-ақ Орал, Атырау, Ақтау, Қызылорда, Тараз, Астана, Алматы қалаларындағы клиникалар мен стационарларды, сондай-ақ Батыс Қазақстанның басқа да өңірлеріндегі медициналық ұйымдарды оқу-тәжірибелік база ретінде пайдаланады.



Нейрохирургия және травматология курсы бар кафедраның қазіргі профессор-оқытушылар құрамы.



**Руководитель кафедры,
д.м.н., профессор
Бирючков М.Ю.**



**Ответственный за курс травматологии, к.м.н., доцент
Кушимов Б.И.**

Ассистенты кафедры: профессор Утеулин Б.А., Бердіғали Б.Н., докторант 3 года обучения Кундубаев Р.А., м.ғ.м. Алмаханов А.М., м.ғ.м. Мешітбай А.Д.

Профессиональная подготовка резидентов

Работа на базе нейрохирургического и травматологического отделений, оснащённых современными операционными и операционными микроскопами; проведение диагностики с использованием КТ и МРТ.

Активное участие резидентов в лечебно-диагностическом процессе: ассистирование и участие в операциях, диагностика и ведение пациентов, планёрки и ежедневные врачебные обходы с оформлением медицинской документации.

Работа в приёмном отделении и травматологическом пункте, ночные дежурства под руководством прикреплённого наставника.

Обсуждение учебных тем согласно силлабусу на казахском, русском и английском языках, включая занятия с бакалаврами и интернами.

Оценка успеваемости проводится один раз в неделю — по пятницам.

